

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**БЕКІТЕМІН**


**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор,  
профессор  
Түймебаев Ж.К.**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

**Scopus және/немесе Web of Science деректер базасында  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми  
жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

Көшірме	Код	Баспа	Өзірледі	Келісілді	Келісілді
				Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Мухамбетжанов С.К.	Бірінші проректордың м. а. Муканов К.Н.
	ҚазҰУ Е	бірінші	Ғылым және жарияланым белсенділігі басқармасының бастығы Смагулов К.Е.	Стратегиялық даму орталығының директоры Минажева Г.С.	Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м. а. Рамазанов Т.С.
				Адами ресурстар және мұрағат басқармасының бастығы Мадияр А.С.	Құқықтық жұмыс басқармасының бастығы Курманалиев Б.О.

**Алматы, 2021 ж.**

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		6. 15-тен 2

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларындағы ғылыми-жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына, ғылым саласындағы ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Университет), Жарғысына және университет ғалымының әдеп кодексі ережесіне сәйкес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларындағы ғылыми жарияланымдарының сапасын бағалау критерийлерін айқындау, комиссия құрамы мен жұмысының тәртібін ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереженің мақсаты сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының мақалалары жарияланған Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының жарияланымдарын, басылымдар мен журналдарын бағалау жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру тәртібін белгілеу болып табылады.

1.3. Комиссия Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін басылымдар мен журналдарда жарияланған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының мақалаларына сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде талдауды жүзеге асыратын, университеттің тұрақты жұмыс істейтін кеңесші органы болып табылады.

1.4. Комиссия Scopus және/немесе Web of Science дерекқорына кіретін басылымдар мен журналдарда жарияланған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының мақалаларын бағалау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасы, объективтілігі мен негізділігі үшін жауап береді.


## 2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

2.1. Комиссияның міндеттері мен функциялары:

- Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының, осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген сапалық және сандық критерийлер негізінде даулы мәселелерді тудырған (комиссияға өтінім түрінде осы Ереженің 6-тармағы мен 1-қосымшасына сәйкес ұсынылатын) басылымдарын бағалау;

- осы Ережеде көрсетілген тәртіппен Комиссия отырысына шешім ұсыну;

- осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген сапалық және сандық өлшемдерге сәйкес келетін Scopus және/немесе Web of Science дерекқорына кіретін басылымдары мен журналдарында жарияланған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының жарияланымдары тізімін қалыптастыру;

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні _____ 2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е	б. 15-тен 2

– Университет қызметкерлері мен авторларының мақалалары жарияланған Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін басылымдар мен баспалардың ғылыми жарияланымдарын сараптауға байланысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

### **3. Комиссия мүшелерін ұйымдастыру тәртібі мен міндеттері**

3.1. Комиссия құрамы мен оның құрамындағы өзгерістер ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың ұсынысы негізінде «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Комиссия құрамына осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, ғылыми қызметкерлері, әкімшілік-басқару персоналы қатарынан комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және 3 (үш) мүшесі (барлығы бірге бұдан әрі-Комиссия мүшелері) кіреді.

#### **3.3. Комиссия Төрағасы:**

– Комиссия қызметіне жалпы басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ комиссия жұмысын ұйымдастыруға жауапты болады;

– комиссия отырысына төрағалық етеді немесе комиссия отырысының жұмысына бетпе-бет және онлайн қатысу мүмкін болмаған жағдайда комиссия отырысындағы өтінімдер мен мәселелер туындаған жағдайларда төрағалық ету құқықтарын комиссия төрағасының орынбасарына береді;

– Комиссия хатшысынан ғылым және инновациялық қызмет департаменті (бұдан әрі - ФИҚД) директорымен келісілген өтінімдер тізімін және Комиссия отырысының күн тәртібіндегі өтінімдерді алады;

– Комиссия мүшелері арасындағы міндеттер мен келіп түскен өтінімдерді бөледі;

– Комиссия мүшелерінің осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген сапалық және сандық критерийлер негізінде өтінімді және оның бағалануын бақылайды және қамтамасыз етеді;


– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми этика қағидаттары мен стандарттарына және ғалымдардың этика кодексіне сәйкес әрбір өтінім бойынша сапалы және объективті шешім қабылдауды қамтамасыз етеді;

– осы Ереженің 9-тармағы негізінде өтінімді және күн тәртібіндегі басқа да мәселелерді бағалау өлшемшарттарын қатаң басшылыққа алады;

– комиссия отырысы хаттамасының қағаз нұсқасына өз қолымен қол қояды;

– университеттің ғылым және инновациялық қызмет департаменті (ФИҚД) қызметкерлерінің комиссия қызметі туралы сұрауларына тиісті түрде және көрсетілген мерзімде жауап береді;

– осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген бағалау критерийлері

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

бойынша өтінімге сараптама жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын, ғылыми этика қағидаттарын, мүдделер қақтығысын сақтайды.

#### 3.4. Комиссия төрағасының орынбасарының міндеттері:

– Комиссия төрағасының тапсырмаларына сәйкес Комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады;

– комиссия отырысы хаттамасының қағаз нұсқасына өз қолымен қол қояды;

– комиссия төрағасы болмаған жағдайда және комиссия отырысындағы өтінім, мәселе бойынша комиссия төрағасында мүдделер қақтығысы болған немесе туындаған жағдайларда комиссия отырысына төрағалық етуші тұлғаның функцияларын орындайды;

– осы Ереженің 9-тармағы негізінде өтінімді және күн тәртібіндегі басқа да мәселелерді сараптау өлшемшарттарын қатаң басшылыққа алады;

– Комиссия төрағасымен бірлесіп комиссия қызметі туралы ҒИҚД қызметкерлерінің сұрауларына жауаптар дайындауға қатысады;

– осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген бағалау критерийлері бойынша өтінімге сараптама жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын, ғылыми этика қағидаттарын, мүдделер қақтығысын сақтайды.

#### 3.5. Комиссия мүшелерінің міндеттері:

– күн тәртібі шеңберінде келіп түскен өтінімдер және отырыста талқыланатын мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау жөніндегі комиссияның отырыстарына белсенді қатысады;

– осы Ереженің 9-тармағы негізінде өтінімді және күн тәртібіндегі басқа да мәселелерді бағалау критерийлерін қатаң басшылыққа алады;


– Комиссия отырысы хаттамасының қағаз нұсқасына өз қолымен қол қояды;

– осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген бағалау критерийлері бойынша өтінімге сараптама жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын, ғылыми этика қағидаттарын, мүдделер қақтығысын сақтайды.

3.6. ҒИҚД-гі жарияланым белсенділігіне жауапты қызметкер дауыс беру құқығынсыз Комиссия хатшысы болып есептеледі және міндеттері:

– Жарияланымдар бойынша өтінімдерді қалыптастырады және ҒИҚД директорымен келісу негізінде Комиссия мүшелерінің қарауы үшін келіп түскен өтінімдер тізімін қағаз және/немесе электрондық түрде өтінімдердің келісілген тізімін және өтінімдердің формасын комиссия отырысының күн тәртібімен Комиссия төрағасына береді;

– әрбір өтінім бойынша комиссия мүшелерінің дауыстарын көрсете отырып, комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және отырыс өткізілгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия отырысының хаттамасын дайындайды және қол қою үшін комиссия мүшелеріне қағаз түрінде жібереді;

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

– отырыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорына осы Ережеде көзделген тәртіппен Комиссия мүшелерінің өз қолдарымен қолы қойылған қағаз түріндегі отырыс хаттамасын ұсынады.

3.7. Комиссия құрамы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының тиісті бұйрығы шыққан сәттен бастап 1 (бір) күнтізбелік жыл мерзімге бекітіледі.

3.8. Комиссия отырысы комиссияның кемінде 3 (үш) мүшесінің кворумы кезінде, оның ішінде Комиссия төрағасының және/немесе Төрағаның орынбасарының қатысуы міндетті болып есептеледі.

3.9. Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми этикасы мен этика кодексінің қағидаттары мен стандарттарын қатаң сақтауға міндетті.

#### **4. Комиссия құрамына қойылатын талаптар**

Комиссияның әрбір мүшесі келесі біліктілік талаптарын қанағаттандыруы тиіс:


4.1. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі және комиссия құрамына енгізілген күнге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да немесе оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарында кемінде кемінде 7 (жеті) жыл ғылыми-білім беру қызмет өтілінің болуы;

4.2. Соңғы 5 (бес) жыл ішінде SJR көрсеткіші бойынша (scimagojr.com деректеріне сәйкес) бірінші квартильді (Q1) журналдарда кемінде 1 (бір) мақаланың және/немесе Web of Science (Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index және/немесе Arts and Humanities Citation Index индекстелген) дерекқоры бойынша бірінші квартильді (Q1) журналдарында кем дегенде 1 (бір) мақала болуы;

4.3. Соңғы 5 (бес) жыл ішінде корреспондент автор немесе бірінші автор ретінде SJR (scimagojr.com деректеріне сәйкес) көрсеткіші бойынша бірінші, екінші, үшінші квартильді (Q1, Q2, Q3) журналдарда кемінде 1 (бір) жарияланымның болуы және/немесе Web of Science (Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index және/немесе Arts and Humanities Citation Index индекстелген) дерекқоры бойынша бірінші, екінші, үшінші квартильді (Q1, Q2, Q3) журналдарында кем дегенде 1 (бір) мақала болуы;

4.4. Комиссия мүшелерінің тізімін жасау кезінде Web of Science және/немесе Scopus халықаралық дерекқорына сәйкес Хирш индексі кемінде 5 (бес) болуы.

4.5. Комиссия мүшелерінің тізімін жасау уақытында Scopus және/немесе Web of Science дерекқорынан шығарылған басылымдарда жарияланымдарының болмауы.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		6.15-тен 2

## 5. Комиссия мүшелерінің өкілеттіктері

5.1. Комиссия Web of Science және/немесе Scopus деректер базасына кіретін басылымдар мен жарияланымдардың осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

5.2. Комиссияның шешімі университеттің келесі іс-шараларын өткізу кезінде міндетті болып табылады:

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ОПК индикативтік жоспары мен рейтинг көрсеткіштерінің мониторингі;

- «Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланымдық белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы» Ережеге сәйкес авторларға ақшалай сыйақы төлеу үшін мақалалар тізімін қалыптастыру;

- Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін басылымдардағы жарияланымдар бойынша постдокторанттардың міндеттемелерін растау;

- дәріс оқу және/немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға шақыру үшін шетелдік ғалымдар қатарынан кандидаттардың ғылыми, библиометриялық және жарияланымдық өлшемдеріне сәйкестігін растау;


- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәрістер оқу және/немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін шақырылған шетелдік ғалымдардың Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдардағы мақалаларды жариялау бойынша міндеттемелерді растау;

- Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін журналдардағы жарияланымдардың профессор – оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) және университет қызметкерлері арасынан ғылыми атақ ізденушілерге сәйкестігін растау;

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доцент-зерттеуші және профессор-зерттеушілерінің Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдардағы мақалаларын жариялау бойынша міндеттемелерді растау;

- Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдардағы жарияланымдардың философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткерлерге сәйкестігін растау;

- Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі-ҚР БҒМ) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да министрліктерінің гранттық қаржыландыру және бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру қаражаты есебінен жарияланымдық, ұйымдастырушылық және өзге де шығыстарды төлеу үшін, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент-зерттеушісі және зерттеуші профессоры бағдарламасы, докторантура мен постдокторантура бағдарламасының Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдың, конференция жинағының және өзге де басылымдардың сәйкестігін растау;

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және өзге де институттары, орталықтары, зертханалары, ғылыми және өзге де құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдардағы, конференциялар жинақтарындағы жарияланымдарының сәйкестігін растау;

– ПОҚ және университет қызметкерлері арасынан Мемлекеттік ғылыми стипендия, оның ішінде дарынды жас ғалымдар және/немесе ҚР БҒМ Мемлекеттік ғылыми сыйлығын беру үшін ізденушілердің Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін журналдардағы, конференциялар жинақтарындағы және өзге де басылымдардағы жарияланымдардың сәйкестігін растау;

– «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік жас ғалымы» конкурсына ПОҚ және университет қызметкерлері арасынан ізденушілердің Web of Science және Scopus дерекқорына кіретін журналдардағы, конференциялар жинақтарындағы және өзге де басылымдардағы жарияланымдардың сәйкестігін растау.

## **6. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету**

6.1. Комиссияның қызметі отырыс нысаны бойынша жүзеге асырылады. Комиссия отырыстары жылына кемінде 2 (екі) рет, әдетте сәуір және қараша айларында өткізіледі

6.2. Жекелеген жағдайларда ҒИҚД директорының тапсырмасы негізінде Комиссияның кезектен тыс отырыстарын өткізуге болады.


6.3. Комиссия отырысының күн тәртібі өтінімдерді қарауды, сондай-ақ жарияланым белсенділігіне байланысты өзге де мәселелерді қамтиды.

6.4. Комиссия хатшысы кафедра меңгерушісілеріне даулы мәселелерді тудырған жарияланым бойынша толтыру үшін өтінім нысанын жібереді.

6.5. Кафедра меңгерушісі комиссияның кезекті отырысына дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия хатшысына Scopus және / немесе Web of Science халықаралық деректер базасына кіретін ғылыми жарияланым, басылым, баспа туралы толық ақпаратпен бірге 1-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес мөрмен және қол қойылған куәландырылған электрондық форматта (doc, docx) және қағаз түрінде өтінім береді, сондай-ақ өтінімде қаралып отырған мақала жарияланған басылымның веб-сайтында мақаланы онлайн жүктеу жүйесіндегі корреспондент автордың akkaутына кіретін логин мен пароль болуы маңызды.

6.6. Қарастырылып отырған мақала жарияланған басылымның веб-сайтында мақаланы онлайн жүктеу жүйесінде корреспонденция үшін автордың akkaутына логин мен пароль ұсынылмаған өтінімдер комиссия отырысының күн тәртібіне енгізілмейді және Комиссия отырысында қаралмайды.

6.7. Әрбір өтінім бойынша шешім Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады, бұл қарастырылып отырған өтінімнің осы Ереженің

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		6. 15-тен 2

9-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкестігін білдіреді. Егер отырыста төрағалық етуші тұлғаны қоса алғанда, Комиссия мүшелерінің жұп саны қабылданса немесе Комиссия мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайларда шешуші дауыс Комиссия төрағасының немесе отырыста Комиссия төрағасы болмаған кезде Комиссия төрағасының орынбасарының дауысы болады.

6.8. Комиссияның шешімі комиссия отырысында талқыланған және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері мен төрағалық етуші тұлға қол қоятын хаттамамен өтінімдердің шешімін көрсете отырып, қалыптастырылады.

6.9. Хаттама Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорына комиссия мүшелерінің және төрағалық етуші тұлғаның қолы қойылған қағаз түрінде комиссия отырысы өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады және ұсынылады.

6.10. Комиссия мүшелерінің даулы шешімін тудырған өтінімді және/немесе мәселені бағалау мақсатында немесе Комиссияның барлық мүшелерінің мүдделері өтінім және/немесе мәселе бойынша университеттің ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры осы өтінімді тәуелсіз сараптама үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ПОҚ және/немесе қызметкерлері арасынан сарапшыға жіберуге құқылы. Бұл жағдайда сарапшының шешімі осы өтінім бойынша шешуші мәнге не болады және Комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі.

6.11. Комиссия шешімі комиссия хаттамасын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.


6.12. Комиссия хатшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры бекіткен комиссия отырысының хаттамасының негізінде Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен және/немесе сарапшының шешімімен бекітілген Жарияланымдар тізімін қалыптастырады.

6.13. Отырысқа бетпе-бет қатысу мүмкін болмаған жағдайда Комиссия мүшелері Комиссия отырысына және оның жұмысына онлайн-платформалар арқылы немесе жазбаша нысанда қатыса алады. Комиссия мүшесінің жазбаша нысанда білдірілген пікірін комиссия төрағасы немесе төрағасының орынбасары отырыста жария етеді және шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

6.14. Отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда Комиссия мүшесі Комиссия отырысына дейін кемінде 1 (бір) күн бұрын міндетті түрде өз қолымен қолы бар жазбаша, қағаз немесе электрондық форматта бұл туралы комиссияның төрағасын не төрағасының орынбасарын болмау себебін көрсете отырып хабардар етеді.

6.15. Егер Комиссия мүшесі дәлелді себептерсіз және Комиссия төрағасының немесе төраға орынбасарының хабарламасынсыз комиссияның



	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

екі отырысында кезекті де, кезектен тыс та болмаған жағдайда, онда ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор осы мүшені комиссия құрамынан шығару және комиссия құрамына жаңа кандидатураны ұсынуға құқығы бар және процесс «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының алдына өтініш жазу арқылы жүзеге асырылады.

6.16. Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін, қарастырылып отырған жарияланымның және/немесе басылымның және/немесе баспаның авторымен Комиссия мүшесінің жанжалы болған және / немесе туындаған кезде ол қаралып отырған өтінімді басқасына беруге міндетті.

6.17. Комиссия төрағасының Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін қарастырылып отырған жарияланымның және/немесе басылымның және/немесе баспаның авторымен жанжалы болған және/немесе туындаған кезде ол қаралып отырған өтінімді комиссияның басқа мүшесіне беруге міндетті.


6.18. Комиссия төрағасының орынбасары Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларына кіретін қарастырылып отырған жарияланымның және/немесе басылымның және/немесе баспаның авторымен жанжалы болған және/немесе туындаған кезде ол қаралып отырған өтінімді комиссияның басқа мүшесіне беруге міндетті.

6.19. Scopus және/немесе Web of Science дерекқорына кіретін қарастырылып отырған жарияланымның және/немесе басылымның және/немесе баспаның авторымен комиссияның барлық мүшелерінде, оның ішінде Төрағада, төрағаның орынбасарында және Комиссия мүшелерінің мүдделер жанжалы болған және/немесе туындаған кезде төраға комиссия мүшелерінің бұл мәселелері туралы ғылыми-зерттеу жөніндегі проректорды хабардар етуге міндетті және осы өтінімді тәуелсіз сараптама үшін қарастырылып отырған басылымның және/немесе Scopus және/немесе Web of Science дерекқорына кіретін басылымның және/немесе баспаның авторымен жанжалы жоқ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ПОҚ және/немесе қызметкерлері арасынан сарапшыға жібереді.

6.20. Комиссия отырысындағы өтінім және/немесе мәселе бойынша жанжал немесе даулы мәселе туындаған кезде осы сұрақ және/немесе өтінім бойынша мүдделілігі бар Комиссия төрағасы немесе төрағасының орынбасары немесе мүшесі осы мәселе және/немесе өтінім бойынша талқылауға, дауыс беруге және шешім қабылдау рәсіміне қатыспайды.

## **7. Комиссия мүшелерінің құқықтары**

7.1. Комиссия мүшелері факультеттердің, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрылымдық бөлімшелерінің ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланым белсенділігінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар беруге

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		6.15-тен 2

## ҚҰҚЫЛЫ.

### 8. Комиссия мүшелерінің жауапкершілігі

8.1. Осы Ереженің 3-тармағында және 6.15-тармағында көрсетілген өз міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Комиссия мүшелері «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры алдындағы ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың өтініші негізінде Комиссия құрамынан шығарылуы мүмкін.

8.2. Егер Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері осы Ереженің 3-тармағында және 6.15-тармағында көрсетілген өз міндеттерін орындамауға және / немесе тиісінше орындамауға жол берген жағдайда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорының ұсынысымен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен комиссияның жаңа құрамы бекітілгенге дейін Комиссияның қызметін тоқтата тұруға міндетті. Комиссияның қызметі мен шешімдері Комиссияның жаңа құрамы бекітілгенге дейін заңсыз болып табылады.

8.3. Комиссия мүшелері өз қызметі процесінде құқық бұзушылықтар үшін дербес жауапты болады.

### 9. Басылымдардың, жарияланымдардың, баспалардың сапасын бағалау критерийлері


Бағалау туралы шешім қабылдаған кезде Комиссия Scopus және / немесе Web of Science халықаралық дерекқорларына кіретін басылымдарда жарияланған ғылыми жарияланымдардың мынадай өлшемдеріне назар аударады:

9.1. Журналда жарияланған ғылыми мақаланы бағалау критерийлері:

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторының мақаласы жарияланған журнал Scopus, Web of Science, Directory of Open Access Journals, DOAJ дерекқорларында, сондай-ақ мамандандырылған дерекқорларда (мысалы, Chemical Abstracts Service, CAS) индекстелуі және Комиссия мүшелері жарияланымды қарау сәтінде көрсетілген дерекқорлардан шығарылған немесе қамтылуы тоқтатылған басылымдар тізімінде болмауы тиіс.

– мақала қосымшада емес (Supplement), журналдың тұрақты нөмірлерінде/басылымдарында және/немесе арнайы шығарылымда (Special Issue) жариялануы керек.

– мақала автордың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауын ағылшын тілінде әмбебап атымен – Al-Farabi Kazakh National University-мен аффилиация көрсетілген болуы тиіс.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

– мақала шолудың жоғары деңгейі бар журналда жариялануы керек. Рецензиялау процесі ашық болуы және арнайы жүйе (Editorial Manager, ScholarOne Manuscripts, Open Journals Systems) арқылы өтуі тиіс. Шолулар журналдың веб-сайтындағы қолжазбаны онлайн жүктеу жүйесінде электрондық форматта көрсетілуі керек. Рецензиялау мақала жарияланған журнал редакциясының құрамына кірмейтін осы саладағы сарапшы рецензенттердің қаралатын мақаласы бойынша сараптамалық бағалау ретінде айқындалады. Бұл процесс, сондай-ақ журналды қарау процедураларына қатысты кез-келген саясат қарастырылып отырған мақала жарияланған журналдың веб-сайтында сипатталуы керек.

– мақала ISSN дерекқорынан тексеруге болатын ISSN тіркелген журналда жариялануы (<https://portal.issn.org/>) және журналдың электронды және баспа платформаларында айқын және дәйекті түрде көрсетілген болуы керек.

– мақала ISSN жүйесінде тіркелген атауға сәйкес келетін бірегей атауы бар журналда жариялануы керек.

– мақала ISSN жүйесінде жыл сайынғы мақалалардың, шығарылымдардың/нөмірлердің жүйелілігіне, жиілігіне және жарияланған санына сәйкес келетін журналда жариялануы керек.

– мақала редакторлардың, авторлардың және рецензенттердің ықтимал және нақты саясаты бар журналда жариялануы керек және бұл саясат қарастырылып отырған мақала жарияланған журналдың веб-сайтында нақты көрсетілуі керек.

– қарастырылып отырған мақала жарияланған журналдың веб-сайтында авторлық құқық және лицензиялау туралы ақпаратты анық көрсетілуі керек.

– мақала авторларға және жарияланған жұмыстарға, журналға қойылатын этикалық талаптарға қатысты ашық түрде жариялануы керек.


– ғылыми журналда жарияланған мақалада сандық жарияланым идентификаторы (DOI) болуы керек.

9.2. Ғылыми монография мен ғылыми монография тарауларын бағалау критерийлері:

- ғылыми монография және/немесе ғылыми монография тарауы комиссия мүшелері мақаланы қарау кезінде Scopus және/немесе Web of Science дерекқорында индекстелуі тиіс.

- монографияда автордың зерттеулеріне негізделген бір ғылыми мәселені немесе тақырыпты толық және жан-жақты зерттеу болуы керек. Егер жұмысты бірнеше ғалымдар жасаса, монографияның барлық тараулары мен бөлімдері арасында логикалық байланыс болуы керек, осылайша ғылыми жұмыс біртұтас болады.

- монографияда автордың зерттеулеріне негізделген бір ғылыми мәселені немесе тақырыпты толық және жан-жақты зерттеу болуы керек. Егер жұмысты

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		6. 15-тен 2

бірнеше ғалымдар жасаса, монографияның барлық тараулары мен бөлімдері арасында логикалық байланыс болуы керек, осылайша ғылыми жұмыс біртұтас болады.

- монография және/немесе монография тарауында автор ҚазҰУ атауының әмбебап атымен аффилиирлеуі тиіс – Al-Farabi Kazakh National University.

- монография және/немесе монография тарауы ғылыми талаптарды қанағаттандыруы керек: ғылыми жаңалық, ғылыми құндылық, міндетті шолу және т. б.

- монографияға және/немесе монография тарауына пікірлер баспаның веб-сайтындағы қолжазбаны онлайн жүктеу жүйесінде электрондық форматта көрсетілуі керек.

- монографияда ISBN идентификаторы болуы және баспаның веб-сайтында сандық форматта (PDF, XML, txt, doc, docx және т.б.) толық мәтінді немесе ішінара (монография мазмұны) қол жетімді болуы керек.

- монографияда және/немесе монографиядағы тарауда сандық жарияланым идентификаторы (DOI) болуы керек.

9.3. Конференция жинағында жарияланған мақаланы бағалау критерийлері:

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторының мақаласы жарияланған конференция жинағы Комиссия мүшелері мақаланы қарастыру кезінде Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстелуі және аталған дерекқорларда қамтылуы тоқтатылған басылымдар тізімінде болмауы тиіс.

- конференция жинағында жарияланған мақаланы автор ҚазҰУ атауының әмбебап атымен аффилиирлеуі тиіс – Al-Farabi Kazakh National University.

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторының мақаласы жарияланған конференция жинағы мынадай ғылыми өлшемдерді қамтуы тиіс: ғылыми жаңалығы, ғылыми құндылығы, міндетті рецензиясы және т. б.


- конференция жинағында жарияланған мақалаға пікірлер басылымның веб-сайтындағы қолжазбаны онлайн жүктеу жүйесінде электрондық форматта көрсетілуі керек.

- конференция жинағы басылымның және/немесе баспаның веб-сайтында сандық форматта (PDF, XML, txt, doc, docx және т. б.) толық мәтінді немесе ішінара қол жетімді болуы керек (конференция жинағының мазмұны).

- конференция жинағында жарияланған мақалада сандық жарияланым идентификаторы (DOI) болуы керек.

9.4. Ғылыми басылымда (журналда, конференция жинағында, монографияда немесе монография тарауында) жарияланған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторының ғылыми жарияланым Scopus және/немесе Web of Science дерекқорында көрсетілген басылымның пәндік саласына сәйкес келуі тиіс.

9.5. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторының ғылыми басылымында (журналда, конференция жинағында, монографияларда немесе монография

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Күні	2021	Баспа: бірінші
	Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ереже	ҚазҰУ Е		б. 15-тен 2

тарауында) жарияланған ғылыми жарияланымында мынадай критерийлер бойынша бағаланатын ғылыми негізделген Рецензиялар болуы тиіс:

- пікір ағылшын тілінің емлесі мен стиліндегі немесе мақала жарияланған тілдегі қателер туралы түсініктемелерді қамтымауы керек;
- пікір техникалық сипаттағы түсініктемелерді қамтымауы керек (әріптерді ауыстыру, аббревиатураларды декодтау және т.б.);
- пікір мақаланы зерттеудің қолданылған әдістерінің ғылыми маңыздылығын, ғылыми нәтижелерін, ғылыми жаңалығын, жаңғыртылуы мен дұрыстығын сараптамалық бағалауды қамтуы тиіс;
- пікірде жұмыстың өзектілігі, зерттеудің болашақ ғылыми жұмыстарға әсері, теориялық гипотезалар, тұжырымдамалар бойынша түсініктемелер, мақала нәтижелерін сыни талдау көрсетілуі керек;
- мақаланың өзгертілген нұсқасына (revised version) пікірді бірінші кезеңдегі мақалаға рецензия(лар) бойынша авторлар енгізген өзгерістер, толықтырулар нәтижелері бойынша бағалау.

9.6. Егер қарастырылып отырған өтінім бойынша басылымның және/немесе баспаның веб-сайтында қолжазбаны онлайн жүктеу жүйесінде электрондық форматта рецензия(лар) болмаған жағдайда, онда бұл өтінім қаралмайды және ол бойынша комиссия мүшелерінің дауыс беруі жүргізілмейді және шешім қабылданбайды.

## **10. Қорытынды ережелер**

10.1. Осы ереже келіп түскен өтінімдерді бағалау кезінде шешімдер қабылдау және басшылық ету үшін Комиссияның әрбір мүшесіне міндетті түрде беріледі.

10.2. Осы Ереженің орындалуын бақылау әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорына жүктеледі.

10.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар осы Ережеге қосымшалар түрінде ресімдеу жолымен ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың ұсынысы негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы негізінде енгізіледі.

10.4. Осы ереже ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді және оны «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректоры немесе «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының міндетін атқарушы уәкілетті лауазымды адам белгіленген тәртіппен күшін жойғанға дейін қолданылады.

10.5. Комиссия таратылған немесе Комиссия туралы Ереже жаңа редакцияда бекітілген жағдайда, осы ереже заңды күшін жояды және жарамсыз болады.